

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ӘОЖ 1751

Шолпанбаева, Г.А.

*педагогикалық ғылымдар магистрі,
филология департаментінің аға оқытушысы*
Темирбаева, Д.М.

*«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті*
Дмитриенко, Я.В.

*«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒЫТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Бұл мақалада Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын іске асыруда жас ұрпақтың бойына ұлтымыздың рухани құндылықтарын сіңіріп, ұлттық рухымызды мәңгі қалдыру үшін қандай іс-шаралар жүргізілгені қарастырылған. Оқу-тәрбие үрдісінің негізгі құралы Абай шығармаларын оқытудан басталатыны көпшілікке мәлім, оны заман талабына сай оқушы санасына жеткізу мұғалімнің шеберлігі мен басты парызы екенін дәлелдеуге тырыстық. Жеткіншектерді өмірге бейімдей отырып тәрбиелеуді, білім беруді басты міндетіміз екенін жеткізуге талпындық.

***Кілт сөздер:** жетілдіру, заман талабы, қалыптастыру, құндылық, рухани жаңғыру, сана-сезім, салт-дәстүр, тәрбиелеу.*

1 Кіріспе

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі біздің басты мақсатымыз бен міндетіміз адамзаттық құндылықтары толысқан, мәдениетті, білімді, шығармашылықпен айналысуға қалыптасқан, алдына мақсат қоя білетін және сол мақсатқа жету жолында табандылық көрсететін белсенді тұлға қалыптастыру» деп атап өткен болатын [1]. Ал, осындай тұлғаны қалыптастыру – жалпы қазіргі ұстаздар қауымына жүктелген негізгі міндет, аяулы аманат, алға қойған нақты мақсат. Оқушылардың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру мәселесін көптеген ғалымдар зерттеген. Абайдың даналығы, Жамбылдың жырлары, ежелгі би-шешендердің нақыл сөздері – рухани мәдениетіміздің бір бөлшегі ғана емес, рухани құндылықтардың мәні, ұлт тәрбиесінің айнасы, кейінгі ұрпақ – біздерге қалдырған баға жетпес асыл мұра.

Мектеп оқушыларының бойына рухани құндылықтарды Абай шығармашылығы арқылы қалыптастыру білім берудің әр кезеңінде өзектілігін жоймай, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында негізгі міндетке айналған. Қазіргі жаһандану дәуірінде еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеу, оларға құндылық қасиеттерін дамыту және қалыптастыруға зор көңіл бөлу – мемлекетіміздің қолға алған басты саясатының бірі. Қазіргі уақыт бүкіл өркениетті дүниеде ұлттардың өзін-өзі тануы, ұлттық сананың оянуымен байланысты сипатталады. Мектептегі басты жауапкершілік жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік құндылықтар, яғни туған ел мен туған жерге деген патриоттық сезімді қалыптастырудан басталады. Сондай-ақ, ана тілі мен тарих секілді құндылықтарды қайта жаңғырту ісі қолға алынды. «Өзінің тарихын, тілін,

мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеясына айналуға тиіс», – деді ел көшбасшысы. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін рухани жаңғырудың мәні болып табылатын мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамыту керек [2]. Рухани құндылық – белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйені, ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Бұл – адам қасиетінің өлшемі – жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымды болу, өмір сүруге деген талпынысы және өмір сүру мәселелері жайында ізденуі.

2 Материалдар мен әдістер

Рухани адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты – оқушылардың жан-дүниесіне шынайы сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспар құрып, оны орындатуға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу.

Оқушылардың күші, қорғанышы, сенімі адамгершілікте екенін заман талабына сай түсіндіру қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асырылады. Балаға жастайынан осындай рухани құндылықтарды бойына дарытып, ойына сіңдіру үшін мынадай үш мүмкіндік бар:

- қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда рухани құндылықтарды қосып отыру;
- осы құндылықтарды сыныптан тыс сабақтарда дамыту;
- оқу бағдарламасына арнайы сабақтар енгізу.

Әрбір жас ұрпақтың өзін-өзі рухани жетілдіре отырып, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екеніне мұғалім бағыттау керек.

Қазақ халқының өмірінде үлкенді сыйлау – ұлттық дәстүр. Біздің ата-бабаларымыз дамыған технологиялар мен әдіс-тәсілдерді жетік меңгермесе де баланы жастайынан жақсы әдеттерге үйрете білген. Үлкенді сыйлата білуге аса мән беріп, ұлағатты сөздердің жақсы ұғындыра білген. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейрімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік қасиеттерін бойына сіңіре білсек, осы қасиеттің іргетасын берік қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы.

Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы рухани құндылықтарымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана даритын құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде, алдымен, жас ұрпақты тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да еңбегінің жемісі зор болатыны сөзсіз.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар, – деп Л. Толстой айтқандай, ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың салт-дәстүрлерін, тарихын, әдебиетін, тілін, ұлтын, мәдениетін, оқушы алдымен білу керек, өйткені өткенді өнеге тұтпай жас ұрпақты ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Рухани құндылықтарды «Рухани құндылық салт-дәстүрде» атты дөңгелек үстел, теледидар бағдарламалары арқылы диспут, поэзия кеші, өнеге сағаты, тренингтер арқылы оқушы санасына Қазақ халқы «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсын», – деп бекер айтпаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни рухани құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде отбасы мен ұстаздар шешуші рөл атқарады. Оқушыларға рухани құндылықтарды қалыптастыру – екі жақты үдеріс [3]. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, мұғалімдердің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – оқу-

шылардың белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Мектепте оқушылардың ұлттық сезімін, рухани байлықтарын қалыптастыру үшін, қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі сан ғасырлар бойы тірнектеліп жинақталған мәдениетінің алатын орны ерекше болып табылады. Өйткені ғасырдан ғасырға жетіп қалыптасқан дәстүрлі мәдениетте аталған халықтың оны ғасырлардан бірге өмір елегінен өтіп жинақталған баға жетпес құнды да бай тәжірибелерінің сол қалпында қаймағы бұзылмай сақталған, ұлттық ерекшелікке сай ұлтқа және рухани, мағыналы байлықтарының қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүюге тәрбиелейді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі десе де болады. Адам өмірінің алтын бесігі – мектеп, ол халқымыздың ата-бабамыздан қалыптасқан ізгі рухани қасиеттерін жас жеткіншектер бойына сіңіретін орта. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Халықты халықпен теңестіретін – білім» деп атап көрсеткендей, қай елдің болсын өркендеп өсіп-өнуі сол елдің білім деңгейі мен даму жүйесіне байланысты. Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім, оның нәрін бойына сіңірген ұрпақ еліміздің гүлдендіріп, болашағымызды дамыта алады. Ал сол білімді шәкірт санасына себуші – мұғалімдер.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мазмұнында оқушы бойында қалыптасуға тиісті мына ізгіліктерге көңіл аударылады: құйып, оқу-тәрбие үрдісінде қолданамыз.

- туған жерге сүйіспеншілік – туған өлке табиғатын сүю, туған жердің орман-көлін, тау-тасын, аң-құстарына қамқорлық жасау, оны аялау мен қорғау, күтіп-баптау;

- туған елге сүйіспеншілік – өз ұлтын сүю, Отанын сүю, ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қастерлеу, ұлт мәдениетінің өркендеуіне, ел экономикасының гүлденуіне үлес қосу;

- өз отбасына сүйіспеншілік – ата-анасын, туыс-бауырын сыйлап құрметтеу, қамқорлық жасау, сыйластық қатынас орната білу;

- Қазақстанды мекен ететін халықтарға деген құрмет сезімін қалыптастыру – ұлт өкілдеріне түсіністікпен қарау, сыйластық қатынас орната білу, өзге ұлттардың салт-дәстүрін сыйлау, халықтар мәдениетінен, әлемдік мәдениеттен үлгі алу.

Мектеп оқушыларының бойында осы аталған құндылықтарды қалыптастыру барысында біз мынаны мақсат тұтамыз:

- оқушылар бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

- өзгелерге жақсылық жасауға, мейірімділікке бөлеуге баулу;

- рухани адамгершілік құндылықтарды дарыту.

Оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыруда алдымен баланы тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса ұстаздың, ата-аналардың да болашағы зор болмақ. Олай болса рухани құндылықтарды қалыптастыруда жас ұрпақтың жан-дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – мұғалімдердің басты мақсаты. Мақсатқа жетуде сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай кедергілерден өте білуді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Тұлға рухани-адамгершілік тәрбие арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, ақыл-ой мен іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастырады.

5 Қорытынды

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – мұғалімдердің қоғам алдындағы борышы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – №7. – Б. 1-5.
- 2 Аязбеков Ж. Жаңғыру үдерісі // Қостанай таңы. – 2018. – №4. – Б. 2.
- 3 Баширова Ж., Өтебаева А. Мектеп оқушылардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы // Өзіндік таным. – 2017. – №2. – Б. 12-14.
- 4 Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. – 2017. – Б. 44-47.

Материал редакцияға түсті: 02.03.2020

ШОЛПАНБАЕВА, Г.А., ТЕМИРБАЕВА, Д.М., ДМИТРИЕНКО, Я.В.

ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ НАПРАВЛЕНИЙ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

В данной статье рассматривается, какие мероприятия проведены в реализации статьи Главы государства «Взгляд в будущее: Рухани жаңғыру», чтобы привить подрастающему поколению духовные ценности нашей нации и навсегда оставить национальный дух. Как известно, основной инструмент учебно-воспитательного процесса начинается с изучения произведений Абая, мы постарались доказать, что доведение его до сознания ученика в соответствии с современными требованиями является мастером и главным долгом учителя. Мы стремимся донести до молодежи, что воспитание, образование является главной задачей.

***Ключевые слова:** совершенствование, требование времени, формирование, ценность, духовное возрождение, сознание, традиции, воспитание.*

SHOLPANBAEVA, G.A., TEMIRBAEVA, D.M., DMITRIENKO, Y.V.

THE WAYS OF REALIZATION OF DIRECTIONS «RUHANI ZHANGYRU» AT LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE

This article discusses what activities were carried out in the implementation of The head of state's article «Looking to the future: Ruhani zhangyru» in order to instill the spiritual values of our nation to the younger generation and leave the national spirit forever. As you know, the main tool of the educational process begins with the study of Abay's works. we tried to prove that bringing it to the student's consciousness in accordance with modern requirements is a master and the main duty of the teacher. We strive to convey to young people that education is the main task.

***Key words:** improvement, demand of time, formation, value, spiritual revival, consciousness, traditions, education.*